

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	ЕР 05-02-02-2024	31 ден 1 бет



«Абылай хан атындағы  
Қазақ халықаралық қатынастар  
және әлем тілдері университеті» АҚ  
Ғылым кеңесінің  
2024 жылғы 24 сәуіріндегі  
№ 2 хаттамасымен БЕКІТІЛГЕН



**САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ**

**«АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР  
ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ ЖАНЫНДАҒЫ  
ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

ЕР 05-02-02-2024

Тіркеу № \_\_\_\_\_  
Данасы № 50  
Көшірме № 1

АЛМАТЫ

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	ЕР 05-02-02-2024	31 ден 2 бет

## МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер .....	3
2	Диссертациялық кеңестің қызметін ұйымдастыру.....	3
3	Диссертациялық кеңестің функциялары.....	5
4	Бейнеконференция нысанында диссертация қорғауды ұйымдастыру.....	14
5	Өзгерістер .....	15
6	Келісу, сақтау және тарату .....	15
	1-қосымша Дәреже беру мәселесі бойынша Ғылым және жоғары білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсынылатын құжаттардың тізбесі .....	17
	2-қосымша Диссертациялық кеңес мүшелігіне үміткерлер туралы ақпарат.....	19
	3-қосымша Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп .....	20
	4-қосымша Әдеп комиссиясының қорытындысы.....	21
	5-қосымша Ресми рецензенттің жазбаша пікірі.....	22
	6-қосымша Келу парағы .....	26
	7-қосымша Докторант туралы мәліметтер.....	27
	А қосымшасы Келісу парағы .....	28
	Б қосымшасы Танысу парағы .....	29
	В қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы.....	30
	Г қосымшасы Мерзімді тексерулерді есепке алу парағы.....	31

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	ЕР 05-02-02-2024	31 ден 3 бет

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» акционерлік қоғамы жанындағы (бұдан әрі - білім беру Ұйымы) Диссертациялық кеңес туралы Ереже «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 30) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген Дәрежелер беру қағидаларына (бұдан әрі - Қағидалар), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгілік ережеге, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленіп, сонымен қатар білім беру Ұйымының Диссертациялық кеңесі қызметінің ұйымдастырылуын айқындайды.

1.2 Осы Ережеде келесі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) Білім беру Ұйымының Диссертациялық кеңесі (бұдан әрі - Диссертациялық кеңес) - докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін алқалы орган.
- 2) аттестаттау ісі - философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне (бұдан әрі - Комитет) ұсынылатын құжаттар топтамасы;
- 3) философия докторы (PhD) - ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген Қазақстан Республикасында диссертация қорғаған адамдарға берілетін дәреже.
- 4) докторлық диссертация - докторанттың жиынтығын жаңа ғылыми жетістік ретінде саралауға болатын немесе ғылыми проблема шешілетін теориялық ережелер әзірленген дербес зерттеу болып табылатын ғылыми жұмысы.

## 2. Диссертациялық кеңестің қызметін ұйымдастыру

2.1 Диссертациялық кеңес білім беру Ұйымында кадрларды даярлаудың тиісті бағыттары бойынша келесі шарттар болған кезде күнтізбелік 3 (үш) жылға құрылады:

- докторантура бағдарламасы бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензиялар және (немесе) лицензияға қосымшалар;
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 22-бабының 2-тармағына сәйкес соңғы 3 (үш) жыл ішінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізілімінде докторантураның білім беру бағдарламалары;
- докторантураның білім беру бағдарламалары, аккредиттеу мерзімі кемінде 3 (үш) жылды құрайтын және Қазақстан Республикасының Үкіметі 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ережесінің (бұдан әрі - Министрлік туралы ереже) 15-тармағының 21) тармақшасына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының аккредиттелген білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген.
- Министрлік туралы ереженің 15-тармағының 3) тармақшасына сәйкес оқытудың 1 (бірінші), 2 (екінші) және 3 (үшінші)-жылына даярлау бағыты бойынша бөлінген мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылардың контингенті болған жағдайда жұмыс істейді.

2.2. Комитеттің Диссертациялық кеңестің қызметін ұйымдастыру туралы шешімі оны қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комитеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	ЕР 05-02-02-2024	31 ден 4 бет

2.3. Диссертациялық кеңестің құрамына 7 (жеті) адамнан аспайтын адам кіреді. Диссертациялық кеңестің барлық мүшелерінің ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі болады.

Диссертациялық кеңестің кемінде 3 (үш) мүшесі басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ), ғылыми және (немесе) басқа ұйымдардың өкілдері болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында 4 (төрт) мүше тұрақты мүше болып табылады, оның ішінде төраға, төрағаның орынбасары және диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы тұрақты мүше болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында Диссертациялық кеңестің 3 (үш) мүшесі докторлық зерттеу саласына байланысты докторантты қорғау кезеңіне уақытша тағайындалады.

Білім беру Ұйымы жанындағы диссертациялық кеңестің құрамында кеңес мүшелерінің бірі шетелдік ғалым болып табылады.

Ғылыми консультанттар, сондай-ақ докторантпен немесе оның ғылыми консультантымен үлестес тұлғалар Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері болып тағайындалмайды:

1) жақын туыстар – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер;

2) диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (тең орындаушы) болып табылатын ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілген ЖЖОКБҰ-ның және (немесе) ғылыми ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және қызметкерлері;

3) соңғы 3 (үш) жыл ішінде бірге жариялаған мақалалардың және шолулардың тең авторлары;

4) соңғы 3 (үш) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми кеңесшілер немесе ресми рецензенттер болған мамандар тағайындалмайды.

2.4. Диссертациялық кеңестің құрамына:

1) Білім беру Ұйымының Басқарма Төрағасы - Ректоры;

2) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қызметкерлері;

3) соңғы 5 (бес) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша ғылыми консультанттар, жетекшілер болған мамандар кірмейді.

2.5. Білім беру Ұйымы жанындағы Диссертациялық кеңестің кемінде 4 (төрт) мүшесінің рецензияланатын халықаралық ғылыми журналдарда жарияланымдары болады:

Соңғы 5 (бес) жыл ішінде Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) деректер базасында индекстелетін басылымдарда (Arts and Humanities Citation Index (Артс энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) бөлімдері) және Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) мәліметтері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) көрсеткіші ғылыми дайындық бағытына сәйкес келетін ғылыми салалардың біреуі бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентильді құрайтын кемінде 2 (екі) жарияланымның болуы.

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	ЕР 05-02-02-2024	31 ден 5 бет

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 (екі) ғылыми мақала ретінде соңғы 5 (бес) жылда – сенімді баспаларда немесе US News Best Global Universities Rankings (ЮС Ньюс Бест Глобал Юниверситис Ранкинс) немесе Academic Ranking of World Universities (Академик Ранкин оф Ворлд Юниверситис) немесе Times Higher Education World University (Таймс Хайр Эдюкейшн Ворлд Юниверсити) топ-100 (жүз) рейтингіндегі университет баспасында шығарылған монография ескеріледі. Жоғарыда көрсетілген монографияда тарау болған жағдайда (ізденушіге кемінде 3 (үш) баспа табағы тиесілі) ол халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 (бір) мақала ретінде есепке алынады.

2.6. Тұрақты құрам және ондағы өзгерістер, сондай-ақ Диссертациялық кеңестің төрағасы, төрағасының орынбасары және ғалым хатшысы білім беру Ұйымының Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде Басқарма Төрағасы - Ректордың бұйрығымен бекітіледі.

2.7. Білім беру Ұйымы:

1) диссертациялық кеңестің отырыстарын және диссертацияларды ашық түрде қорғауды өткізу үшін қажетті жағдайлармен, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдалану арқылы;

2) диссертациялардың мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінде, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша тексерілуін қамтамасыз етеді.

3) диссертациялық кеңестің қызметіне байланысты шығыстарды, оның ішінде диссертациялық кеңес мүшелерінің іссапар шығыстарын төлеуді қамтамасыз етеді.

2.8. Нақты кадрларды даярлау бағыты (мамандық) бойынша диссертациялық кеңестің жабылуына келесі негіздер болады:

1) Комитеттің докторантқа дәреже беруден бас тартуға немесе қайта қорғауға жіберуге негіз болған осы кеңесте қорғалған диссертациялар бойынша 3 (үш) және одан да көп шешімі;

2) докторантураның тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру қызметімен айналысуға берілген лицензиясынан айыру;

3) докторантураның білім беру бағдарламасының аккредиттеу мерзімінің аяқталуы немесе аккредиттеуді кері қайтарып алу;

4) осы Үлгі ереже талаптарының бұзылуы анықталған 5 (бес) қорғауды өткізуі.

Диссертациялық кеңес жабылғаннан кейін осы кеңесті білім беру бағдарламалары бойынша құру туралы өтінім 1 (бір) жылдан кейін беріледі.

Диссертациялық кеңестің осы Үлгі ережеде белгіленген талаптарды бұзуы диссертациялық кеңестің тұрақты құрамын ауыстыруға негіз болады (3 (үш) қорғау бұзушылықтармен өткен жағдайда).

### **3. Диссертациялық кеңестің функциялары**

3.1 Диссертациялық кеңестің функциялары:

1) диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдау;

2) диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін, қорғау күнін және ресми рецензенттерді тағайындау;

3) диссертациялық кеңес мүшелерінің құрамынан докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын (плагиат) тексеру үшін комиссия (бұдан әрі – Диссертациялық кеңестің комиссиясы) құру;

4) диссертацияның ашық түрде қорғауды өткізу;

5) диссертация бойынша шешім қабылдау.

3.2. Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысының функциялары:

1) қорғауға қабылдау және қорғауды өткізу рәсімдерін ұйымдастыру;

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	ЕР 05-02-02-2024	31 ден 6 бет

2) диссертацияны «Антиплагиат» жүйесі бойынша тексеруге, Білім беру Ұйымының кітапханасына, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына, ресми рецензенттерге жіберу;

3) диссертациялық кеңестің қызметі бойынша хат-хабарды жолдау;

4) диссертациялық кеңестің сайтында материалдар мен ақпаратты орналастыру;

5) диссертациялық кеңестің отырысын, оның ішінде бағдарламалық және техникалық құралдарды дайындау;

6) диссертациялық кеңестің құжаттарын ресімдеу;

7) Комитетке жолдау үшін құжаттар топтамасын дайындау.

Хат-хабарлар ғалым хатшының ресми корпоративтік поштасынан жолданады. Ғалым хатшының міндеттерін басқа адамдарға, оның ішінде докторантқа жүктеуге жол берілмейді.

3.3 Диссертациялық кеңес мүшелері:

1) объективті, толық және дәйекті мәліметтерді ұсынады;

2) диссертация қорғауға қатысты деректерді жасыруға жол бермейді;

3) ғылыми этиканың бұзылу фактілеріне ден қояды;

4) шешім қабылдағанда қоғамдық пікірдің, тараптардың бірінің немесе үшінші тараптың әсеріне тәуелді болмайды;

5) мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

6) қызмет бабында кеңестің басқа мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми кеңесшілер мен ресми рецензенттердің ары мен абыройына нұқсан келтіретін дөрекі, қорлайтын сөздерді, айыптауларды пайдаланбайды.

Осы тармақта көрсетілген талаптардың орындалмау фактілері анықталған жағдайда диссертациялық кеңестің мүшесі оның құрамынан шығарылады.

3.4. Күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін Диссертациялық кеңес Комитетке осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп береді.

3.5. Диссертациялық кеңес докторанттың диссертациялық жұмыс нысанында ұсынған диссертациясын немесе докторант жариялаған мақалалар сериясын қорғауды Қағидалардың 5-1-тармағының талаптарына сәйкес жүргізеді.

3.6. Докторант оқыған ЖЖОКБҰ қорғауға құжаттарды қабылдауға дейін ЖЖОКБҰ бейінді бөлімшенің не құрылымдық бөлімшесінің ғылыми (академиялық) кеңесінің кеңейтілген отырысында (бұдан әрі – кеңейтілген отырыс) диссертацияны алдын ала талқылауды өткізеді.

Кеңейтілген отырыс өткізуден 1 (бір) ай бұрын диссертация докторанттың ғылыми зерттеу саласы бойынша ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) маманға рецензияға жолданады.

Кеңейтілген отырысқа бейінді (құрылымдық) бөлімше мүшелерінің кемінде 2/3-сі (үштен екісі), рецензенттер, құрылымдық бөлімшенің ғылыми немесе академиялық кеңесінің мүшелері, ғылыми кеңесшілер, сондай-ақ ЖЖОКБҰ-ның аралас (мәндес) кафедраларының және (немесе) құрылымдық бөлімшелерінің, ғылыми және басқа да ұйымдардың өкілдері, практик мамандар (қолданбалы сипаттағы диссертациялар үшін) қатысады. Диссертацияны қорғауға ұсыну туралы шешім жай көпшілік дауыспен қабылданады. Егер диссертация Дәрежелер беру қағидаларының 4, 5 және (немесе) 6-тармақтарына сәйкес келмесе, диссертация қорғауға жіберілмейді.

Қорғауға ұсынылған диссертацияға берілген ескертулермен келіскен жағдайда, докторант оларды диссертациясын диссертациялық кеңеске тапсырғанға дейін жояды.

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	ЕР 05-02-02-2024	31 ден 7 бет

3.7. Кеңейтілген отырысқа келесі құжаттар ұсынылады:

- 1) Қағаз және электрондық тасымалдағыштағы диссертация;
- 2) Диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдардың тізімі мен көшірмелері;
- 3) StrikePlagiarism жүйесінің докторанттың алған материалдарын авторға және алған дереккөзіне сілтеме жасамай пайдалануын тексеру жөніндегі анықтамасы;
- 4) Диссертация аннотациялары 3 тілде;
- 5) 2 рецензенттен алынған рецензиялар (ішкі және сыртқы);
- 6) Докторантураның білім беру бағдарламасын меңгергені туралы транскрипт көшірмесі;
- 7) Отандық және шетелдік ғылыми консультанттардың пікірлері.
- 8) Диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесін бекіту туралы үзінді көшірме. research proposal (ресорч пропозал) (егер докторантты шығару мерзімі негізгі оқу бағдарламасын игергеннен кейін 3 жылдан астам болса)

3.8. Диссертация бойынша қорғауға ұсыным туралы оң қорытынды кеңейтілген отырыс хаттамасынан үзінді түрінде ресімделеді, отырыс төрағасы қол қояды және Ғылыми және инновациялық қызмет жөніндегі проректор бекітеді.

Қорытындыда: зерттеу тақырыбының өзектілігі, ғылыми нәтижелері, олардың негізділігі мен жаңалығы, ғылыми нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы, олардың шынайылық дәрежесі, докторанттың ғылыми нәтижелер алуға жеке қатысуы, қорғауға шығарылатын ережелердің дәлелділігі, Қағидалардың б-тармағының талаптарына сәйкес диссертация материалдарының баспасөзде толық жариялануы, ескертулер мен ұсыныстар, қорғауға ұсынымдар туралы қорытынды қамтылуы тиіс.

Кеңесшілер болмаған жағдайда докторанттың диссертациясы бойынша олардың пікірлерін отырыста төрағалық етуші немесе ғалым хатшы оқиды.

3.9. Кеңейтілген отырыстың оң қорытындысын алғаннан кейін докторант білім беру Ұйымының Басқарма Төрағасы-Ректорына диссертациялық кеңесті таңдау туралы өтініш береді.

Егер докторант басқа ЖЖОКБҰ-ның диссертациялық кеңесін көрсеткен жағдайда, онда 10 (он) жұмыс күні ішінде білім беру Ұйымы оның құжаттарын диссертациялық кеңеске жібереді. Докторант қорғау үшін таңдаған ЖЖОКБҰ-да ЖЖОКБҰ дербес бекіткен тәртіппен кеңейтілген отырыс өткізуге жол беріледі.

Егер басқа ЖЖОКБҰ-дан докторант ретінде білім беру Ұйымының Диссертациялық кеңесі көрсетілсе, онда докторант оқыған ЖЖОКБҰ 10 (он) жұмыс күні ішінде оның құжаттарын білім беру Ұйымының Диссертациялық кеңесіне жібереді.

Диссертациялық кеңеске келесі құжаттар ұсынылады:

- 1) Отандық және шетелдік ғылыми консультанттардың пікірлері;
- 2) Кеңейтілген отырыстың оң қорытындысы;
- 3) Қатты мұқабадағы және электрондық тасымалдағыштағы диссертациялық жұмыс (егер диссертация диссертациялық жұмыс нысанында қорғалатын болса);
- 4) қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотациялар. Аннотацияда диссертациялық зерттеудің тақырыбы, мақсаты, зерттеу міндеттері, зерттеу әдістері, қорғауға шығарылатын негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да қорытындылар), зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы, алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі, ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы сипатталады;
- 5) Ғылыми еңбектердің тізімі және олардың көшірмелері;

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	ЕР 05-02-02-2024	31 ден 8 бет

б) Докторант оқыған ЖЖОКБҰ Этикалық комиссиясының зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен тіршілік ету ортасы) құқықтарын, қауіпсіздігін және әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде бұзушылықтардың жоқтығы туралы қорытындысы.

3.10. Диссертациялық жұмыс қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілдерінде ұсынылады.

3.11. Осы тармақта көрсетілген құжаттарды тіркеуді Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы жүзеге асырады және оларды 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Диссертациялық кеңеске ұсынады.

Диссертациялық кеңестің диссертацияны қорғауға қабылдау жөніндегі мәжілісінде кеңестің тұрақты құрамы осы Ереженің 2.3-тармағының талаптарына сәйкес Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындайды.

3.12. Құжаттар қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей диссертациялық кеңес диссертацияны қорғау күнін белгілейді және ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) ресми рецензентті тағайындайды. Рецензенттерде докторанттың зерттеу саласы бойынша Комитеттің Басылымдар тізбесіне және/немесе Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) немесе Scopus (Скопус), деректер базасына енгізілген журналдарда және /немесе шетелдік рецензияланатын басылымдарда 5 (бес) ғылыми мақаласы немесе 1 (бір) монографиясы (жеке жазылған) бар.

Диссертацияны қорғау күні диссертацияны қорғау күнін белгілеу күнінен 3 (үш) айдан аспауға тиіс. Қорғау күнін белгілеу кезінде докторанттар құжаттарының түсу кезегі сақталады.

3.13. Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде Диссертациялық кеңес рецензенттердің, ғылыми консультанттардың бір-бірінен тәуелсіздігі қағидатын басшылыққа алады.

Ресми рецензенттер болып келесі тұлғалар тағайындалмайды:

1) Комитеттің қызметкерлері;  
2) диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстар бойынша докторанттың тең авторлары;

3) диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (тең орындаушы) болып табылатын ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілген ЖЖОКБҰ-ның және (немесе) ғылыми ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және қызметкерлері;

4) соңғы 3 (үш) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми консультанттар немесе ресми рецензенттер болып табылатын мамандар

5) жақын туыстар - ата-аналар (ата-ана), балалар, бала асырап алушылар, асырап алынған балалар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілер мен апа-сіңлілер, атасы, әжесі, немерелері ".

3.14. Диссертациялық кеңес білім беру Ұйымының интернет-ресурсында докторанттарды қорғау және кеңес қызметі туралы келесі материалдарды орналастырады:

1) докторант, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері және ресми рецензенттер туралы ақпаратты, диссертацияны ұсыну нысанын, мекенжайын, күні мен уақытын (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын, тұрақты негізде қолжетімді болады) көрсете отырып, алдағы қорғау туралы хабарлама;



«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	EP 05-02-02-2024	31 ден 9 бет

2) диссертация (қорғаудың белгіленген күніне дейін 1 (бір) ай бұрын), сондай-ақ оның диссертациялық кеңестің ескертулері бойынша титул парағында тиісті белгілері бар пысықталған барлық нұсқалары (тұрақты негізде қолжетімді);

3) қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотация (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын), аннотация көлемін ЖЖОКБҰ өз бетінше анықтайды;

4) докторант жарияланымдарының тізімі (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);

5) ғылыми консультанттардың қорғаудан кейін 5 (бес) ай ішінде қолжетімді болатын пікірлері (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);

6) ресми рецензенттердің пікірлері (белгіленген қорғау күнінен 5 (бес) жұмыс күні бұрын);

7) қорғаудың толық көлемдегі бейнежазбасы, монтажға жол берілмейді (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін 5 (бес) ай бойы қолжетімді);

8) диссертациялық кеңестің диссертациялық жұмысты пысықтауға, қайта қорғауға жіберу туралы немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы қорытындысы (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін кемінде 5 (ай) ішінде қолжетімді);

9) апелляциялық комиссияның шешімі (болған жағдайда, шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және шешім қабылдағаннан кейін кемінде 5 (ай) ішінде қолжетімді);

10) осы Үлгі ережеге 2-қосымшаға сәйкес диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп (күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады);

11) қорғаулар өткізу күнінің, уақытының, орнының өзгеруі және ресми рецензенттердің ауысуы туралы хабарландыру (болған жағдайда)

12) диссертациялық кеңестің құрамы туралы ақпарат және диссертациялық кеңес қызметінің тәртібі;

13) қолданыс мерзімдерін көрсете отырып, мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінің, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша лицензиялық жүйелерінің бар болуы туралы ақпарат;

14) докторант оқыған ЖЖОКБҰ-ның жанындағы Әдеп комиссиясының зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы (осы Үлгі ережеге 4-қосымшаға сәйкес);

15) диссертациялық кеңестің бейнеконференция нысанындағы online (онлайн) отырысын өткізуді ұйымдастыру жөніндегі ақпарат.

3.15. Диссертациялық жұмыс білім беру Ұйымының интернет-ресурсында орналастырылғаннан кейін оған өзгерістер енгізуге жол берілмейді. Диссертациялық жұмыс пысықталған жағдайда оның соңғы нұсқасы «Диссертациялық жұмыстың соңғы нұсқасы» деген белгісі бар философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешім қабылданғаннан кейін білім беру Ұйымының интернет-ресурсында орналастырылады.

Білім беру ұйымының интернет-ресурсында диссертацияның мазмұны бойынша бейресми пікірлерді одан әрі қорғауға ұсыну мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Авторын анықтау мүмкін емес және автордың электрондық мекенжайы жоқ бейресми пікірлер қорғауға ұсынылмайды.

3.16. Диссертациялық кеңес алдағы қорғау туралы хабарламаны Комитетке қорғауға қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жібереді.

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	ЕР 05-02-02-2024	31 ден 10 бет

Диссертациялық кеңесте қорғау жөніндегі хабарлама келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комитеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

3.17. Диссертациялық кеңес қорғауға қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде диссертацияны докторанттың отандық және халықаралық деректер базасы бойынша плагиатты пайдалануын тексеру үшін "Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы" акционерлік қоғамына (бұдан әрі – ҰМҒТСО) жібереді. итул беті және пайдаланылған әдебиеттер тізімі плагиатқа тексерілмейді.

ҰМҒТСО диссертация мәтінін келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өзінің интернет-ресурсында ашық түрде орналастыруды қамтамасыз етеді. Диссертация тұрақты негізде қолжетімді болады.

3.18. Диссертацияның қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштегі данасы білім беру Ұйымының кітапханасына беріледі. Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы қорғаудан кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде диссертацияның электрондық жеткізгіштегі даналарын Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына береді.

3.19. Ресми рецензенттер диссертация мен жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде Диссертациялық кеңеске осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жазбаша пікір береді.

Диссертация мақалалар сериясы түрінде қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әрбір мақаласының ғылыми деңгейіне түсініктеме береді. Егер мақаланың 2/3 (үштен екі) және одан көп бөлігі докторанттың зерттеу тақырыбымен байланысты болмаса, ресми рецензент оны ескермейді.

Пікірлерде ресми рецензенттер келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау;  
2) егер диссертация Қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармақтарына сәйкес келмесе және (немесе) Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінара сәйкес келсе және (немесе) онда түзетуді талап ететін ескертулер болса, диссертацияны пысықтауға жіберу. Диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалатын жағдайда диссертация пысықтауға жіберілмейді;

3) егер академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңашылдық, ішкі бірлік және дәйектілік қағидаттарына сәйкес келмеген болса, философия докторы (PhD) дәрежесін беруден бас тарту.

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертацияны қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензенттер жазбаша түрде бас тартқан немесе рецензиялауға мүмкіндік болмаған жағдайда ауыстырылады. Егер ресми рецензентті ауыстыру туралы шешім 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктіріліп қабылданса, қорғау күні ауыстырылады.

3.20. ҰМҒТСО анықтамасында, ресми рецензенттердің пікірлерінде және ЖЖОКБҰ-ның интернет-ресурсындағы бейресми пікірлерде көрсетілген плагиат фактілері болған кезде Диссертациялық кеңес комиссиясы диссертацияны плагиатқа тексереді. Тексеру нәтижелері туралы қорытынды диссертациялық кеңеске диссертация қорғауға дейін 8 (сегіз) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

3.21. Диссертациялық кеңес Комиссияның қорытындысы негізінде (қорғауға дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей) докторантты қорғауға жіберу немесе диссертацияны қорғаудан алып тастау туралы шешім қабылдайды. Диссертациялық кеңес қабылданған шешім туралы докторантқа 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлайды, сондай-ақ тиісті ақпарат білім беру Ұйымының интернет-ресурсында орналастырылады.

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	ЕР 05-02-02-2024	31 ден 11 бет

Докторанттың диссертацияны қорғаудан алып тастауға мүмкіндігі бар, бірақ оны қорғауға дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей.

3.22. Диссертациялық кеңестің төрағасы, төрағаның орынбасары және ғалым хатшысы өздері ғылыми кеңесші болып табылатын докторанттың диссертациясы қаралған жағдайда Диссертациялық кеңестің мәжілісінде өз міндеттерін орындай алмайды. Диссертациялық кеңес төрағасының міндеттерін атқару төрағаның орынбасарына жүктеледі, төраға орынбасарының және ғалым хатшының міндеттерін атқару Диссертациялық кеңестің шешімімен мүшелерге жүктеледі.

Төраға, төрағаның орынбасары және ғалым хатшы бір мезгілде болмаған жағдайда Диссертациялық кеңестің отырысы өткізілмейді.

Диссертациялық кеңес диссертация қорғаудың бейнежазбасын толық көлемде қамтамасыз етеді, монтаждауға жол берілмейді.

3.23. Диссертациялық кеңестің отырысы егер оның жұмысына мүшелерінің кемінде 2/3-і (үштен екісі) қатысқанда заңды болып саналады. Ресми рецензенттердің және диссертациялық кеңестің уақытша тағайындалған мүшелерінің отырысқа қатысуы міндетті болып табылады.

Диссертациялық кеңестің мүшелері мен ресми рецензенттерге бейнеконференция нысанында қорғауға қатысуға рұқсат етіледі.

Диссертацияны көпшілік алдында қорғау интернет желісінде тікелей онлайн трансляция режимінде жүргізіледі.

Шақырылған практикалық сала мамандарының отырысқа қатысуына жол беріледі (егер диссертация қолданбалы сипатта болса).

Диссертациялық кеңес докторантқа, Диссертациялық кеңес мүшелеріне, ресми рецензенттерге диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын Диссертациялық кеңестің отырысын өткізу туралы бейнеконференция нысанында электрондық пошта және кеңестің сайтында хабарландыру арқылы хабарлайды.

3.24 Диссертациялық кеңестің отырысын бейнеконференция нысанында өткізу кезінде:

- отырысқа қатысатындардың визуалды идентификациясы;
- интернет желісінде отырысқа қатысушылар сөздерінің үздіксіз бейне- және аудио трансляциясы;
- отырыстың бейне- және аудиожазбасы;
- диссертациялық кеңес мүшелерінің жасырын дауыс беруі қамтамасыз етіледі.

3.25. Диссертациялық кеңес келесі шешімдердің бірін қабылдау үшін жасырын дауыс беруді өткізеді:

- 1) докторантқа философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитет алдында өтініш жасауға;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберуге (диссертация диссертациялық жұмыс нысанында қорғалған жағдайда ғана);
- 3) диссертацияны қайта қорғауға жіберуге;
- 4) докторантқа философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасаудан бас тарту.

Диссертациялық жұмыс егер оны түзету жұмыстың мәнін өзгертпей, мәтін бойынша елеусіз ескертулер болған жағдайда пысықтауға ұсынылады. Егер диссертация Қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармағына сәйкес келмесе және (немесе) Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінара сәйкес келсе, онда ол қайта қорғауға жіберіледі. Академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірлік, дәйектілік қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда диссертация

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	ЕР 05-02-02-2024	31 ден 12 бет

философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

3.26. Диссертация қорғау бойынша Диссертациялық кеңес отырысының тәртібі мыналарды қамтиды:

- кворумның бар екендігі, отырыстың заңдылығы, докторанттың, мамандықтың және диссертация тақырыбының таныстырылуы туралы Кеңес төрағасының кіріспе сөзі;
- докторант құжаттарының нормативтік талаптарға сәйкестігін, ғылыми жарияланымдардың толықтығы мен сәйкестігін көрсету мақсатында ғалым хатшының баяндамасы;
- докторанттың баяндамасы (20 минутқа дейін);
- докторантқа сұрақтар қою (Диссертациялық кеңес мүшелеріне докторанттың жауап беру тәртібін талқылау ұсынылады);
- ғылыми кеңесшілердің сөз сөйлеуі;
- бірінші ресми рецензенттің пікірі;
- докторанттың рецензенттің ескертулеріне жауаптары;
- екінші ресми рецензенттің пікірі;
- докторанттың рецензенттің ескертулеріне жауаптары;
- ғалым хатшының бейресми пікірлерді жария етуі;
- докторанттың ескертулерге жауаптары;
- Диссертациялық кеңес мүшелерінің талқылауы;
- докторанттың қорытынды сөзі;
- қорғау нәтижесі бойынша шешім қабылдау үшін Google Forms (Гугл-формалар) арқылы дауыс беру процедурасы (мобильді құрылғыларға немесе компьютерге Google Forms сілтемесін жіберу арқылы жүзеге асырылады);
- ғалым хатшының жасырын дауыс беру нәтижелерін жариялауы, Google Forms арқылы алынған дауыс беру нәтижелерін Диссертациялық кеңес мүшелері мен рецензенттердің ашық дауыс беру арқылы бекітуі;
- қорғау нәтижелерін жариялау;
- қорғау нәтижелеріне сүйене отырып, Диссертациялық кеңестің қорытынды жобасын ашық дауыс беру арқылы қабылдау.

3.27. Ғылыми жетекшелері, тікелей басшылар болып табылатын немесе докторантпен жақын туысқан Диссертациялық кеңес мүшелері, сондай-ақ шақырылған мамандар дауыс беруге қатыспайды.

Жасырын дауыс беруде ресми рецензенттер қатысады, олардың дауыстары диссертациялық кеңес мүшелерінің дауыстарына тең.

Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешімі, егер оған дауыс беруге қатысқандардың 3/4 (төрттен үші) және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады.

Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту, диссертацияны пысықтауға не қайта қорғауға жолдау туралы шешімі, егер дауыс беруге қатысқандардың 2/3 (үштен екісі) және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Егер дауыстар көрсетілген санға жетпесе, қайта дауыс беру өткізіледі, онда диссертацияны пысықтауға не, егер оған отырысқа қатысып отырған кеңес мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

3.28. Қайта қорғауға жіберу немесе философия докторы (PhD) дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертацияның осы Үлгі ереженің, Қағидаларының қандай талаптарына сәйкес келмейтіндігі көрсетілген қорытынды жасайды.

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	ЕР 05-02-02-2024	31 ден 13 бет

Диссертациялық жұмысты қайта қорғау алдындағы қорғаудан 6 айдан кем емес уақыт өткенде осы Үлгі ережеде белгіленген тәртіппен өткізіледі. Диссертациялық кеңестің уақытша құрамы және ресми рецензенттер сақталады. Диссертация қайта қорғауға 2 (екі) реттен артық жіберілмейді.

3.29. Диссертацияны пысықтауға жіберу туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертациялық жұмыс бойынша нақты ескертулер қамтылған қорытынды шығарады.

Пысықталған диссертациялық жұмыс диссертациялық кеңеске үш айлық мерзімде ұсынылады, оны 3 (үш) айдан артық мерзімге ұзартуға болмайды. Пысықтау мерзімін ұзарту туралы шешімді диссертациялық кеңес докторанттың өтініші негізінде қабылдайды. Егер пысықталған диссертациялық жұмыс белгіленген уақытта ұсынылмаса, докторант қайта қорғаудан өтеді.

Докторант диссертациялық кеңестің ескертулерімен толық не жартылай келіспейтін жағдайда ол берілген ескертулерге дәйектелген жауаптарын ұсынады.

Пысықталған диссертация ҰМҒТСО-ға плагиатқа тексеруге жіберіледі. ҰМҒТСО анықтамасын алғаннан кейін диссертациялық кеңес ресми рецензенттермен бірге пысықталған диссертациялық жұмысты және диссертациялық кеңестің ескертулерін жою мәніне ескертулерге жауаптарды (болған жағдайда) талқылау жөнінде отырыс өткізеді. Отырыс осы Ереженің 3-бөлімінде белгіленген тәртіппен өткізіледі. Бұл ретте интернетте онлайн трансляциясыз отырыстың бейнежазбасы жүргізіледі.

Талқылаудан кейін жай көпшілік дауыспен жасырын дауыс беру арқылы дәреже беру немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

3.30. Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы диссертациялық кеңесте докторлық диссертация қорғалғаннан кейін докторанттың аттестациялық ісін жинақтайды, ол Комитетке күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жіберіледі. Докторанттың аттестаттау ісінде келесі құжаттар қоса беріледі:

1) диссертацияның ҰМҒТСО-ға жіберілген күні көрсетіле отырып, диссертациялық кеңес төрағасының қол қоюымен диссертациялық кеңес құрылған ЖЖОКБҰ бланкісіндегі ілеспе қолдаухаты;

2) электронды тасымалдағыштағы диссертация.;

3) диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдар тізімі мен көшірмелері;

4) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) ҰМҒТСО-ның диссертацияны плагиатқа тексергені туралы анықтамасы;

6) осы Үлгі ережеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы;

7) диссертацияны қорғау жөніндегі және пысықталған диссертациялық жұмысты талқылау бойынша (қажет болғанда) диссертациялық кеңес отырысының толық көлемдегі бейнежазбасы және төраға мен ғалым хатшы қол қойған хаттамасы;

8) докторантураның кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгергені туралы транскриптің көшірмесі;

9) осы Үлгі ережеге 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша докторант туралы мәлімет. 1), 3), 4), 5), 6), 8) және 9) тармақшаларда көрсетілген құжаттар Комитетке "пдф (pdf)" файлы форматында сканерленген түрде ұсынылады (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын аттестаттау істерінен басқа).

3.31. Комитеттің немесе Диссертациялық кеңестің теріс шешімі қабылданған диссертация осы Ереженің 3-бөлімінде белгіленген тәртіппен қайта қорғауға ұсынылады.

Диссертация қайта қорғауға ұсынылған кезде Диссертациялық кеңес диссертацияда бұрын анықталған бұзушылықтарды жою туралы қорытынды жасайтын Диссертациялық

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	ЕР 05-02-02-2024	31 ден 14 бет

кеңестің 3 (үш) мүшесін тағайындайды. Қорытынды білім беру Ұйымының интернет-ресурсында қорғауға дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын орналастырылады және диссертация қорғауда оқылады.

3.32. Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне апелляцияны докторант шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде еркін нысанда береді.

3.33. Апелляция өткізу тәртібі:

1) Апелляция Диссертациялық кеңес Төрағасының атына жазбаша түрде беріледі.

2) Апелляциялық шағымда әдетте қолдануға жататын заңдарға және іс материалдарына сілтеме жасай отырып, Диссертациялық кеңес шешімінің негізсіздігі неде екендігі көрсетілуге тиіс;

3) Апелляция берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде білім беру Ұйымының Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады. Комиссия құрамына тиісті даярлау бағыты (мамандығы) бойынша ғылыми дәрежесі бар 3 (үш) маман кіреді. Ғылыми консультанттар, рецензенттер, Диссертациялық кеңестің немесе Комитеттің Сараптамалық кеңесінің мүшелері комиссия мүшелері бола алмайды.

4) Апелляциялық комиссия өз қызметінде осы Ережені және Ережені басшылыққа алады.

5) Апелляциялық комиссия апелляциялық өтінішті, диссертацияны, Диссертациялық кеңестің диссертация қорғау жөніндегі материалдарын қарайды және апелляция құрылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде оның нәтижелері бойынша қорытынды дайындайды.

6) Апелляциялық комиссияның қорытындысын комиссия мүшелері ашық дауыс беру негізінде көпшілік дауыспен қабылдайды және оған апелляциялық комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

3.34. Апелляциялық комиссияның оң қорытындысы және диссертация түпкілікті шешім қабылдау үшін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Комитетке жіберіледі.

Апелляциялық комиссияның шешімі оны қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде докторантқа хабарланады және білім беру Ұйымының интернет-ресурсында орналастырылады.

3.35. Осы Ережемен реттелмеген даулар, оның ішінде Комитет алдында философия докторы (PhD) дәрежесін беруден бас тарту, апелляция беру мерзімін қалпына келтіру мәселелері бойынша даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

#### **4. Бейнеконференция нысанында диссертация қорғауды ұйымдастыру**

4.1 Диссертация қорғау бойынша Диссертациялық кеңес отырысы дәстүрлі форматта (қатысушылардың тікелей қатысуымен), аралас форматта (ішінара тікелей және бейнеконференция режимінде) немесе толықтай бейнеконференция форматында өткізіледі.

4.2 Диссертацияны қорғау әртүрлі платформаларда (Google Meet, Microsoft Teams, Webex, Zoom) жүргізілуі мүмкін. Осы мақсатта Диссертациялық кеңес мүшелері, рецензенттер және ізденуші бейнеконференция үшін таңдалған платформаны жүктеп, веб-камера мен микрофонды міндетті түрде қосуы қажет.

4.3 Диссертацияның ашық қорғалуы интернет желісінде <https://www.youtube.com/> платформасында тікелей эфирде көрсетіледі, оның сілтемесі Комитеттің хабарламаларында және білім беру Ұйымының сайтында беріледі.

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	ЕР 05-02-02-2024	31 ден 15 бет

4.4 Диссертациялық жұмысты бейнеконференция форматында қорғау бойынша қадамдық алгоритм:

- Ғалым хатшы қорғауға 5 (бес) күн қалғанда Диссертациялық кеңес мүшелері мен рецензенттерге отырысқа шақыру сілтемесін, күнін және уақытын көрсетіп, электрондық пошта арқылы жібереді, сондай-ақ онлайн қатысуға өтініш білдірген Диссертациялық кеңес мүшелерімен және рецензенттермен байланыс орнатуды тексереді.

- Диссертациялық кеңес мүшелері мен рецензенттер бейнеконференция форматына қатысу үшін жіберілген сілтеме арқылы онлайн отырысқа қосылады. Егер ноутбук арқылы қосылу мүмкіндігі болмаса, ұялы телефон арқылы қосылуға болады. Бұл үшін телефонға тиісті бағдарламаны орнату қажет.

- Қорғау рәсімі басталғанға дейін, техникалық хатшы Цифрлық технологиялар орталығының мамандарымен бірге онлайн режиміне қажетті барлық жағдайларды қамтамасыз ету үшін жүйені реттейді. Интернет желісінің тұрақтылығын тексеру, гарнитура (кұлаққап пен микрофон) дайындау және камераны қосу қажет.

- Бейнеконференция платформасына отырыс басталудан шамамен 30 минут бұрын кіру ұсынылады.

- Бейнеконференция форматында қатысатын Диссертациялық кеңес мүшелері мен рецензенттер жеке басын растайтын құжатты экранда көрсету арқылы визуалды сәйкестендіруден өтеді. Бұл ретте, жеке деректерді көрсету міндетті емес.

- ғалым хатшы қорғау басталуға 10 (он) минут қалғанда Диссертациялық кеңес мүшелерінің келуін белгілеп, олардың онлайн қатысуын көрсетіп, қатысушылар тізімін Кеңес Төрағасына ұсынады.

- Презентацияны көрсету үшін техникалық хатшы оны алдын ала жұмыс үстеліне орналастырып, қажетті файлды ашып, «Экранды көрсету» функциясын іске қосады. Егер техникалық қиындықтар туындаса, презентацияның электрондық нұсқасын Диссертациялық кеңес мүшелері мен рецензенттерге, сондай-ақ жұмыстың қосымшаларымен бірге (егер болса) электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

- Бейнеконференция барысында интернет байланысының үзілуі немесе басқа да күтпеген техникалық ақаулар орын алса, отырысты өткізу туралы шешім жеке тәртіпте қарастырылады.

- Диссертацияның аннотациясымен, ғылыми кеңесшілер мен ресми рецензенттердің пікірлерімен және ізденушінің диссертациясымен келесі сілтеме бойынша танысуға болады: <https://dissovet.ablaikhan.kz>

- Қорғау жасырын дауыс беру арқылы онлайн-режимде «Google Құжаттар» (Google Forms) қосымшасы арқылы жүргізіледі. Google Forms құжатын дайындау кезінде электрондық пошта мекенжайлары мен қатысушылардың аты-жөндері тіркелмейді. Диссертациялық кеңес мүшелері мен рецензенттердің жауаптары тек бір рет енгізіледі, өзгерту мүмкіндігі жоқ. Дауыс беру нәтижелері онлайн режимде мониторлар экранына шығарылып, жасырын дауыс беру процедурасының ашықтығын қамтамасыз етеді.

- Онлайн қорғау толық көлемде бейнежазбаға түсіріледі, қандай да бір монтаж жасауға жол берілмейді.

## 5. Өзгерістер

Осы Ережеге өзгерістер енгізу 02 «Бөлімшелер мен лауазымдық нұсқаулықтар туралы ережелерді әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі» АТҚ-ға сәйкес жүргізіледі.

## 6. Келісу, сақтау және тарату

6.1. Осы Ережені Ғылыми Кеңес бекітеді.

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	ЕР 05-02-02-2024	31 ден 16 бет

6.2 Осы Ережені келісу:

- Оқу ісі жөніндегі проректор;
- Стратегиялық даму жөніндегі проректор;
- Ғылыми және инновациялық қызмет жөніндегі проректор;
- Жоғары оқу орнынан кейінгі білім басқармасының бастығы;
- Әкімшілік басқармасының бастығы;
- Корпоративтік хатшы және бекіту парағында ресімделеді.

6.3 Осы Ереженің түпнұсқасын сақтау және есепке алынған жұмыс даналарын тарату

01 «Құжаттаманы басқару» ДП-ға сәйкес жүргізілуі тиіс.



«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	ЕР 05-02-02-2024	31 ден 17 бет

Диссертациялық кеңес туралы ережеге  
1-қосымша

**Дәреже беру мәселесі бойынша Ғылым және жоғары білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсынылатын құжаттардың тізбесі  
(1-аттестаттау ісі)**

- 1) Диссертациялық кеңестің төрағасы қол қойған, диссертацияның «ҰМҒТСО» АҚ-ға жіберілген күні көрсетілген білім беру Ұйымының бланкісіндегі ілеспе өтініш хат;
- 2) электрондық жеткізгіштегі диссертация;
- 3) диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдардың тізімі мен көшірмелері;
- 4) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) докторанттың алған материалды авторға және алған дереккөзіне сілтеме жасамай пайдалануына диссертацияны тексеру жөніндегі «ҰМҒТСО» АҚ анықтамасы;
- 6) осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы;
- 7) толық көлемдегі бейнежазба және төраға мен ғалым хатшы қол қойған Диссертациялық кеңес отырысының хаттамасы;
- 8) докторантураның білім беру бағдарламасын меңгергені туралы транскрипттің көшірмесі;
- 9) осы Ережеге 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша докторант туралы мәліметтер.
- 10) Істегі құжаттардың тізімдемесі.

**Қосымша құжаттар тізбесі,  
Диссертациялық кеңеске ұсынылатын  
(2-аттестациялық іс)**

- 1) II докторанттың аттестаттау ісіндегі құжаттардың тізімдемесі
- 2) I докторанттың аттестаттау ісіндегі құжаттардың тізімдемесі
- 3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне «ҰМҒТСО» АҚ қазақ тілінде жіберілген күнін көрсете отырып, Диссертациялық кеңестің төрағасы қол қойған білім беру Ұйымының бланкісіндегі ілеспе -қолдаухаттың көшірмесі
- 4) Қатты мұқабадағы және электрондық тасымалдағыштағы диссертация
- 5) 3 тілдегі аңдатпалар
- 6) Ғалым хатшы куәландырған жарияланған ғылыми еңбектердің тізімі және диссертация тақырыбы бойынша жарияланымдардың бедерлері.
- 7) Докторанттың алған материалды авторға және алған дереккөзіне сілтеме жасамай пайдалануына диссертацияны тексеру туралы «ҰМҒТСО» АҚ анықтамасы (көшірмесі)
- 8) ЖЖОКБҰ Этикалық комиссиясының қорытындысы
- 9) Ғылыми консультанттардың пікірлері (көшірмелері)
- 10) 2 (екі) рецензенттің пікірлері
- 11) Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы (көшірмесі)
- 12) Төраға мен ғалым хатшы қол қойған Диссертациялық кеңес отырысының хаттамасы
- 13) Диссертация қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес отырысының бейнежазбасы (DVD-дискіде немесе флеш-жинақтауышта)

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	EP 05-02-02-2024	31 ден 18 бет

- 14) Жоғары (бакалавриат) және жоғары оқу орнынан кейінгі (магистратура) білім туралы дипломдардың және оларға қосымшалардың көшірмелері
- 15) докторантураның білім беру бағдарламасын меңгергені туралы транскрипттің көшірмесі;
- 16) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 17) Кафедраның оң қорытындысы (кеңейтілген отырыс хаттамасы) (келу парағы, 2 рецензиясы және докторанттың алған материалды авторға және Университеттің алған көзіне сілтеме жасамай пайдалануына диссертацияны тексеру туралы анықтамасы бар түпнұсқада)
- 18) Тақырыпты және ғылыми консультанттардан бекіту туралы бұйрықтан үзінді көшірме
- 19) Диссертациялық кеңес төрағасының атына қорғауға рұқсат беру туралы өтініш
- 20) Диссертацияны тапсыру туралы кітапханалардан анықтамалар
- 21) «ҰМҒТСО» АҚ диссертациялық жұмысты мемлекеттік тіркеуге жіберу туралы ілеспе хаттың көшірмесі.
- 22) Қосымшаның онлайн-офисінен жасырын дауыс беру нәтижелері туралы үзінді Google құжаттары (Google Forms)
- 23) осы Ережеге 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша докторант туралы мәліметтер.

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	EP 05-02-02-2024	31 ден 19 бет

Диссертациялық кеңес  
туралы ережеге 2-қосымша

### Диссертациялық кеңес мүшелігіне үміткерлер туралы ақпарат

№	Т.А.Ә. (болған жағдайда) (мемлекеттік немесе орыс және ағылшын тілдерінде)	Дәрежесі, ғылыми атағы	Негізгі жұмыс орны	Азаматтығы	Халықаралық ақпараттық Web of science (Вэб оф Сайнс) және Scopus (Скопус) базаларының деректері бойынша Хирш индексі	Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша бірінші үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда жарияланымдар	Басылымдар тізбесіндегі журналдардағы жарияланымдар
1	2	3	4	5	6	7	8

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	ЕР 05-02-02-2024	31 ден 20 бет

Диссертациялық кеңес  
туралы ережеге 3-қосымша

**«АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ жанындағы диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп "**

\_\_\_\_\_ кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңес.

Есеп келесі мәліметтерді қамтиды:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер.  
2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

3. ЖЖОКБҰ көрсетілген докторанттар тізімі.

4. Мынадай бөлімдерді қамти отырып, есепті жылдың ішінде кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстардың тақырыптарын талдау;

2) диссертация тақырыбының "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының);

2) қараудан алып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының);

3) ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының);

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының);

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының);

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының).

Диссертациялық кеңестің төрағасы \_\_\_\_\_

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы \_\_\_\_\_

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Мөр, күні 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_.

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	ЕР 05-02-02-2024	31 ден 21 бет

Диссертациялық кеңес  
туралы ережеге 4-қосымша

**ӘДЕП КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**  
**«АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ**  
**ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ**

1. Докторанттың Т.А.Ә.	
2. Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	
3. Докторантурада оқу кезеңі	
4. Диссертация тақырыбы, бекіту мерзімі	
5. Ғылыми кеңесшілер туралы деректер – Т.А.Ә. (болған жағдайда), жұмыс орны және лауазымы, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	
6. Зерттеу объектілері	
7. Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет
8. Ғылыми зерттеу нәтижелерін тарату процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет
9. Зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері болғанда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғау қалай жүргізілді?	

Әдеп комиссиясының төрағасы \_\_\_\_\_

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Әдеп комиссиясының хатшысы \_\_\_\_\_

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	ЕР 05-02-02-2024	31 ден 22 бет

Диссертациялық кеңес туралы ережеге 5-қосымша

### Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	ЕР 05-02-02-2024	31 ден 23 бет

		1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ;	

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	EP 05-02-02-2024	31 ден 24 бет

		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	



«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	ЕР 05-02-02-2024	31 ден 25 бет

		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	ЕР 05-02-02-2024	31 ден 26 бет

Диссертациялық кеңес  
туралы ережеге 6-қосымша

### Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ диссертациялық кеңестің отырысы, хаттама № \_\_

Докторант \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

\_\_\_\_\_ кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациясын қорғауы

Диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Дәрежесі	Отырысқа қатысуы (қолы)
1	2	3


Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы \_\_\_\_\_

(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	ЕР 05-02-02-2024	31 ден 27 бет

Диссертациялық кеңес туралы ережеге 7-қосымша

Докторант туралы мәлімет \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))









1	Туған күні және жері, азаматтығы, ұлты		
2	Докторантурада оқығаны туралы мәлімет (ЖОО және оқу мерзімі)		
3	Докторантура мамандығы		
4	Диссертацияның қорғалған орны және күні		
5	Диссертацияның тақырыбы және жазылған тілі		
6	Ғылыми консультанттар (Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)		
7	Ресми рецензенттер (Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)		
8	Жарияланымдар саны, барлығы, оның ішінде:		
	Басылымдар тізбесіндегі басылымдарда		
	Web of science (Вэб оф Сайнс) және Scopus (Скопус) базасындағы шетелдік басылымда		
	халықаралық конференция материалдарында, оның ішінде:		
	шетелдік конференция материалдарында		
9	Еңбек жолы		
Қабылдау мерзімі	Босату мерзімі	Жұмыс орны, лауазымы	Мекеменің мекен-жайы
10	Мекен-жайы, байланыс деректері		

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы \_\_\_\_\_  
(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)  
Мөр, мерзімі 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	ЕР 05-02-02-2024	31 ден 28 бет

А қосымшасы  
(міндетті)  
Ф.2.01-01

**Келісу парағы**

Лауазымы	тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Күні	Қолы
Оқу ісі жөніндегі проректор	Чакликова А.Т.	24.09.2024	
Стратегиялық даму жөніндегі проректор	Кунанбаева Д.А.	24.09.2024	
Ғылыми және инновациялық қызмет жөніндегі проректор	Успанова М.У.	24.09.2024	
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім басқармасының бастығы	Ахметова М.К.	24.09.2024	
Әкімшілік басқармасының бастығы	Жанбағысова Ж.Ш.	24.09.2024	
Корпоративтік хатшы	Ибрагимова М.Т.	24.09.2024	



«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	ЕР 05-02-02-2024	31 ден 30 бет

В қосымшасы  
(міндетті)  
Ф.2.01-03

### Өзгерістерді тіркеу парағы

Өзгертудің реттік нөмірі	Негіздеме (құжаттың №, күні)	Өзгеріс енгізілген күн	Өзгерістер енгізілді	
			Тегі, аты-жөні, бөлім	Өзгерістер енгізушінің қолы, енгізілген күні
1	2	3	4	5

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ	Күні: 24.09.2024	10 Нұсқасы
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ереже	ЕР 05-02-02-2024	31 ден 31 бет

Г қосымшасы  
(міндетті)  
Ф.2.01-04

**Мерзімді тексерулерді есепке алу парағы**

Тексеру күні	Тексеруді орындаған адамның Т.А.Ә, және лауазымы	Тексеруді орындаған адамның қолы	Тексеру нәтижелері
1	2	3	4